

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 13 желтоқсан
сағ.12:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Өуетаев

Қатысқандар: ҚР Энергетика министрі А. Сәтқалиев, ҚР энергетика вице-министрі Б.Н. Ілияс, Қоғамдық кеңестің мүшелері *(тізім бойынша)*, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының, «Қазатомэнеркәсіп» ҰАК АҚ өкілдері *(тізім бойынша)*.

1. Қоғамдық кеңес отырыстары хаттамалық тапсырмаларының орындалу барысы туралы

(А.Мусин, Ф.Сергазин)

1.1. Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары А.Б. Мусиннің Қоғамдық кеңес отырысының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі хаттамалық тапсырмасының 2.2-тармағын орындау барысы туралы, Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Ғ.Е. Сергазиннің Қоғамдық кеңес отырысының 2023 жылғы 4 қазандағы хаттамалық тапсырмасының 3.2-тармағын орындау барысы туралы ақпараттар назарға алынсын.

1.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:

- Энергетика министрі А.М. Сәтқалиевтің ескертулерін және Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, «Энергетикалық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңын әзірлеу жөніндегі мәселені пысықтасын;

1.3. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті:

- Қоғамдық кеңестің мүшелерін Қазақстанда АЭС салу бойынша референдум өткізуге дайындық шеңберінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына тарту мәселесін бақылауда ұстасын *(бекітілген жоспарға сәйкес)*.

2. Қазақстандағы майнинг фермаларының жұмысы туралы

(А. Мусин)

2.1. Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары А.Б. Мусиннің Қазақстандағы майнинг фермаларының жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

3. Қазақстан Республикасының гидроэнергетика саласын, жаңартылатын энергия көздерін дамыту туралы

(С. Дүкенбаев)

3.1. Жаңартылатын энергия көздері департаменті Жаңартылатын энергия көздері объектілерін іске асыру және мониторинг басқармасының басшысы С.Т. Дүкенбаевтың Қазақстан Республикасының гидроэнергетика саласын, ЖЭК дамыту туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Жаңартылатын энергия көздері департаменті:

- Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп, 2024 жылы Қазақстан Республикасы гидроэнергетикалық әлеуетінің атласын әзірлеу жөніндегі мәселесін пысықтасын. Бұл мәселе Энергетика министрі А.М. Сәтқалиевтің жеке бақылауында болады;

- жоғарыда көрсетілген Департаментте гидроэнергетика мәселелері жөніндегі жаңа басқарма ашу орындылығын қарастырсын;

- Су ресурстары және ирригация министрлігімен гидроэнергетикалық қауіпсіздік мәселелері жөнінде бірлескен кеңес өткізу мәселесін пысықтасын.

**4. АЭҚБК, «ҰЯО» РМК, «ЯФИ» РМК, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ
2023 жылғы қызметі туралы есептерді тыңдау**

(И.Рожков, Э.Батырбеков, С.Сахиев, Д.Көшербаев)

4.1. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары И.Б. Рожковтың, «Ұлттық ядролық орталығы» РМК бас директоры Э.Г. Батырбековтің, «Ядролық физика институты» РМК бас директоры С.К. Сахиевтің, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ коммерция жөніндегі бас директоры Д.Е. Көшербаевтың осы ұйымдардың 2023 жылғы қызметі туралы есептері назарға алынсын.

5. Өртүрлі

(Ғ.Толқымбаев)

5.1. Қоғамдық кеңестің мүшесі Ғ.А. Толқымбаевтың «Мұнай-газ-химияны дамыту туралы» ҚР Заңын әзірлеу туралы ұсынысы назарға алынсын.

5.2. Мұнай-газ-химия және техникалық реттеу департаменті:

- «Мұнай-газ-химияны дамыту туралы» ҚР Заңын әзірлеу туралы мәселесін пысықтасын (ҚК 2023 жылғы 29 қарашадағы хаттамалық тапсырмасының 1.2.2) тармақшасы)

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**

**Қоғамдық
кеңестің хатшысы**

Б. Әуетаев

Б. Әуетаев

Н. Секербек

Н. Секербек